

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 2000 жылғы 6 маусым N 86-ө

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 Р990247_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2000 жылғы 6 маусымдағы

N 86-өкіміне қосымша

Премьер-Министрдің күші жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 16 маусымдағы N 110 өкімі ; |

2. "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 2 қазандағы N 190 өкімі ;

3. "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын пысықтау жөнінде жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 16 қарашадағы N 226 Р980226_ өкімі;

4. "Жерасты тау-кен жұмыстарында, еңбек жағдайы аса зиянды әрі ауыр жұмыстарда қажетті стаж жинақтаған, бірақ 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін зейнетақы тағайындау үшін талап етілетін жасқа жетпеген азаматтардың мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 11 желтоқсандағы N 239 Р980239_ өкімі;

5. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі заңдарының жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1999 жылғы 30 қаңтардағы N 7а өкімі;

6. "Жамбыл облысының фосфор ішкі саласы кәсіпорындары "Суперфосфат зауыты"

АҚ, "Өнеркәсіпкөлік" АҚ, "Нодфос" АҚ және "Қаратау" АҚ жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі Үкімет комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1999 жылғы 18 мамырдағы N 66 R990066_ өкімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК